

**Абай Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектептің кәсіптік
бағдар беру жұмысының 2024-2025 оқу жылына арналған жоспар
бойынша өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет**

2024-2025 оқу жылынды бітіруші сыныптан 3 сынып комплектісі барлығы 61 оқушы бар, екеуі жаратылыстану - математикалық бағыт болса, бір сынып қоғамдық - гуманитарлық бағытта білім алуда.

11 сынып оқушыларының таңдаған мамандықтары

№	Мамандықтар	Оқушы саны
1	Медицина	3
2	Стоматолог	6
3	Педагогика	13
4	ІТ маман	5
5	Дизайнер	8
6	Логопед	1
7	Инженер	13
8	Туризм	6
9	Экономист	3
10	Заңгер	3

«Кәсіби бағдарлау» сауалнама жүргізу

2024 жылдың қыркүйек айында «Абай Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

Мақсаты: оқушылардың кәсіби бағытын бағдардау, таңдаған мамандығы бойынша бағытын анықтау. Мамандық түрлерімен танысу. Әлі шешімін қабылдай алмай күмәнданып жүрген және мамандық таңдай алмай жүрген оқушыларға бағдар беру



30.09.2024ж

Жаңаөзен Өрт сөндіру басқармасына саяхат

Мектебіміздің кәсіптік бағдар мамандарының ұйымдастыруымен, мектеп бітіруші түлектердің таңдаған мамандықтары бойынша Өрт сөндіру басқармасына экскурсия жүргізілді. Бөлім қызметкерлері ғимарат бойынша

экскурсия өткізді, оқушыларды бөлімшенің құрылымымен, қызмет өту ерекшеліктерімен, сондай-ақ құтқарушылардың қарулануында тұрған арнайы техникамен таныстырды. Экскурсия барысында оқушыларға құтқарушылар қолданатын құралдарды өз – өзіне және өзара көмек көрсету арқылы сынап көру, төтенше жағдайлар кезінде өткізілетін іс-шаралар туралы білу мүмкіндігі ұсынылды. Балалар көптеген сұрақтар қойып, өрт сөндірушілерді үлкен қызығушылықпен тыңдады. Экскурсия тек оқушыларға ғана емес, мұғалімге де жақсы әсер қалдырды.



11.10.2024ж

«Абай Құнанбайұлы атындағы №19 жалпы білім беретін мектеп» кітапханасында қаламыздың қалалық кітапхана маманы Самал Темірханова №19 мектеп кітапханашысымен бірігіп, «Қайда оқуға баруға болады?» «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында оқушыларға ой салу, азғана да болса мамандық таңдауға көмек беру **мақсатында** мектеп оқушыларымен шара ұйымдастырылды. Шара өте тартымды өтті. Оқушыларға Қазақстандағы және шетелдегі оқу орындары туралы ақпарат беру.

Университеттердің мамандықтарын, гранттық мүмкіндіктерін таныстыру.

Оқушыларға өз болашақ мамандығын таңдауға көмектесу.

Шараға мектебіміздің мұғалдімдері және мектеп медбикесі қатысып оқушыларға «мамандық таңдау» бұл адам өміріндегі маңызды қадам екенін, жүрекпен тандалған мамандықтың шығармашылығы мол екенін оқушыларға түсіндіріп әрбір оқушының ойын байқады (желіге жүктелді)



<https://www.instagram.com/p/DA-uFcRMeWP/?igsh=MTB4aGJ1ODM2aWRmNg>

13.11.2024ж

Мектеп психологтары «Болашағың сенің қолыңда» тақырыбында тренинг өткізген болатын.

Мақсат: Оқушылар мен жастарға өз болашағын қалыптастыруда белсенді рөл атқаруға, білім алу, еңбек ету және жауапкершілікпен шешім қабылдау арқылы өз мақсаттарына жетуге шақыру. Адам өзінің тағдырын өзі жасайды, сондықтан қазіргі таңда қабылданған әрбір әрекет болашақтың негізін қалап, жеке жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.



18.11.2024ж

Кәсіптік бағыт-бағдар: Жаңаөзен полиция басқармасына саяхат

Мектебіміздің кәсіптік бағдар мамандарының ұйымдастыруымен, Жас сақшылар және мектеп бітіруші түлектердің таңдаған мамандықтары бойынша Полиция басқармасына экскурсия жүргізілді. Сапардың мақсаты: оқушыларға ішкі істер саласындағы түрлі мамандықтардың ерекшеліктерін таныстыру және оларды болашақ мамандық таңдауына бағыттау болды.

<https://www.instagram.com/reel/DCy5KffspVt/?igsh=ODhmeGtjOHIzdjg1>



Маңғыстау облсының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектеп» КММ кәсіптік бағдар берушілері М.С.Абуева, А.А.Кенжеғалиева 2025 жылдың 15 қаңтар күні «Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар» колледжінде **«МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАҢА АҒЫНЫ»** тақырыбында өткізілген облыстық семинарға барды. Мұндай семинарларда білім беру саласындағы заманауи трендтер, инновациялық оқыту әдістері мен кәсіби даму мүмкіндіктері талқыланды. Сонымен қатар осы семинарда мектебіміздің 11 «Ә» сынып оқушысы Джумабай Мирас осы оқу орнының студенті. Семинар барысында практикалық жұмыстарының нәтижесінің куәсі болдық. Бұл семинардың негізгі пайдасы – жаңа идеялар алу және оларды болашақта оқыту процесінде қолдану және басқа қатысушылармен танысып, тәжірибе алмасу. Семинар өте жақсы деңгейде өткізілді.



30.01.2025ж

Тренинг тақырыбы: Мамандықтың жаманы жоқ!

“Жарқын болашақтың кепілі – жаныңа жақын кәсіп таңдау” демекші,

қазіргі заман бізден бәсекеге қабілетті, өмірге құштар тұлға болуды талап етеді.

Осы орайда, “Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында Айнұр Амантайқызы мен Анаргүл Тұрарбекқызы 9-сынып оқушыларына “Мамандықтың жаманы жоқ” атты тренинг ұйымдастырды.

Тренинг мақсаты:

- ✓ Оқушылардың болашақ мамандығы туралы көзқарасын дамыту
 - ✓ Қабілеттерін танып, өз бағытын айқындауға көмектесу
 - ✓ Дұрыс мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру
- 🔍 Өз болашағыңды бүгіннен баста! Себебі, әрбір мамандық – еңбек пен адалдықтың жемісі!

<https://www.instagram.com/p/DFcl6ensJox/?igsh=MnJqZDlrZWdhdnJs>



21.02.2025ж

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектеп» КММ 9-сынып оқушыларына «Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар» колледжіне экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия барысында колледждің тарихы мен оқыту бағыттарымен таныстырылды. Лабораториялар мен арнайы пәндер кабинеттерін көру, қыздарға арналған тігін кабинеті, мамандандырылған кабинеттеріндегі құрылғыларды жұмыс барысында студенттердің жасап жатырған және аяқтаған жұмыстарын оқушылар толық көрді. Айта кететін болсақ орындықтар, ілгіштер, гипстен жасаған бұйымдар, фото суреттер дизайны т.с.с. Оқушылар техникалық мамандықтардың маңыздылығы, болашағы туралы өздеріне жақсы түсінік

алды. Мамандықтардың қыр-сырын біліп, өз армандарына бір қадам жақындай түсті. Мамандық таңдау – болашаққа жасалған маңызды қадам!

<https://www.instagram.com/reel/DGVvcS7MJi5/?igsh=MTFhaGk5Znl4MzFiMA==>



21.02.2025ж

Маңғыстау облсының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектеп» КММ 9-сынып оқушылары мамандық таңдау мақсатында “Каспий” жоғарғы педагогика және салалық технологиялар колледжіне экскурсия ұйымдастырылды.

🔍 Мамандықтармен жақын танысып.

🔎 Оқуға түсу мүмкіндіктерін зерттеп.

👜 Болашақ кәсібін таңдауға бағыт алды!

Бұл саяхат оқушыларға болашаққа сенімді қадам жасауға шабыт берді!
Дұрыс таңдау – жарқын болашақтың кілті!

<https://www.instagram.com/reel/DGVv4u1sb7w/?igsh=OWpybGVyaml2dnVz>



25.02.2025ж

Мектебімізде 1-4 сыныптар арасында “Барлық мамандық қадірлі” тақырыбында суреттер көрмесі өтті!

👤 □ Кішкентай қылқалам шеберлері әр мамандықтың маңыздылығын өз туындылары арқылы бейнелеп, шығармашылықтарын ортаға салды.

👋 Әр сурет – еңбекке деген құрмет пен арманға толы!

<https://www.instagram.com/reel/DGgKmc8MAAdl/?igsh=MW5iN21tdDdkOGQ5aQ==>



04.03.2025ж

Мектебімізде “Мамандықтар жәрмеңкесі” өтті! 🎓 ✨
Оқушыларға түрлі мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат беру мақсатында “Мамандықтар жәрмеңкесі” ұйымдастырылды. Әр мамандық бойынша арнайы бөлімдер құрылып, оқушылар мамандармен сұхбаттасып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

◆ Әр кәсіптің қыр-сыры таныстырылды

◆ Оқушылар болашақ мамандығын таңдауға бір қадам жақындады

◆ Қызықты кездесулер мен пайдалы кеңестер айтылды

💡 Дұрыс таңдау – жарқын болашақтың кепілі! ✨

<https://www.instagram.com/reel/DGxerTqM3II/?igsh=MXZ4cXVycTgxZm0xMw==>



11.04.2025ж

Сәуір айының 11 күні қаламызға жоғарғы оқу орындарының мамандары келіп оқушылармен кездесіп, оқушылар сұрақтарын қою арқылы көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауаптарын алды. Сонымен қатар мектебіміздің 10 сынып оқушылары да бұл кездесуге барып edison компаниясының мамандықты анықтауға арналған тесттерін тапсырып өз нәтижелерін алды.



16.04.2025ж мектебімізде кәсіптік бағдар беру кабинетін «SmartBolashaq» ұйымы жасақтап, қолданысқа берілді.




13.05.2025ж

Мектебімізге Көкшетау қаласынан Азаматтық қорғаныс жоғарғы көпсалалы колледжі келіп, 9,11 сыныптарға түсінік жұмыстарын жүргізді



14.05.2025ж

ДК Мұнайшыда сағат 10.30 -да 11 сынып оқушыларымен Қазақстанда ашылайын деп жатырған жоғарғы оқу орны inVision U Келешек құрылтайшылар университетінің өкілдерімен кездесуге барып, оқу орны туралы, жобалар, артықшылықтар, мүмкіндіктер туралы түсінік алдық.



11.06.2025ж

Абай Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектептің «Кәсіптік бағдар беру» кабинеті 11.06.2025ж күні салтанатты түрде ашылды. Кабинетті жақсактап беруші ұйым «SmartBalashaq» компаниясының бас мамандары және облыс, қала, аудандардан қонақтар келіп кабинеттің мүмкіндіктерімен толық танысып ақпарат алды.



<https://www.instagram.com/reel/DKyW96UvRyS/?igsh=MXJkYmg1cWVzeGl6Yw==>


Оқушылар тандаған мамандық бағыттары

Диаграмма оқушылардың тест нәтижелері бойынша (25-сұрақ) ең тартымды деп тандаған бағыттарды көрсетеді.




Оқушылардың университет таңдаудағы талғамы

Диаграммада оқушылардың мектеп бітіргеннен кейін қайда оқуды жоспарлайтыны туралы берген жауаптарының үлесі көрсетілген.




Голланд әдістемесі бойынша ұсынылған мамандықтар

Визуализация Голланд әдістемесіне негізделген кәсіби бағдарлау тестінің нәтижесінде оқушыларға ұсынылған мамандықтарды көрсетеді. RIASEC моделі тұлғаның қызығушылығын алты түрлі типке бөліп, оған сәйкес келетін мамандық бағыттарын анықтауға көмектеседі.




Оқушылар мен ЖИ атаған университеттердің ТОП тізімі

Диаграммада кәсіби бағдар беру барысында оқушылар мен ЖИ-кеңесші арасындағы әңгімеде аталған университеттер көрсетілген.



Ең көп аталған білім беру бағыттарының ТОП тізімі

Диаграммада оқушылар мен ЖИ-кеңесші арасындағы чатта жиі аталған білім беру бағыттары көрсетілген. Бұл оқушыларды ең көп қызықтыратын салаларды анықтауға және ЖИ жиі ұсынатын бағыттарды бағалауға мүмкіндік береді.



Оқушылардың ең көп қызығушылық танытқан дағдылары

Диаграммада оқушылар мен жасанды интеллект арасындағы чат барысында аталған дағдылар көрсетілген. Бұл оқушыларды қызықтыратын негізгі дағдыларды анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ ЖИ-кеңесшінің қандай дағдыларды жиі ұсынатынын көрсетуге көмектеседі.

